**Бірыңғай экономикалық кеңістік және Дүниежүзілік сауда ұйымы шеңберінде отандық өндірушілердің мүдделерін ілгерілету және қорғау жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 10 шілдедегі № 703 қаулысы

Бірыңғай экономикалық кеңістік және Дүниежүзілік сауда ұйымы шеңберінде Қазақстан Республикасы өндірушілерінің мүдделерін қолдау, ілгерілету және қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Бірыңғай экономикалық кеңістік және Дүниежүзілік сауда ұйымы шеңберінде отандық өндірушілердің мүдделерін ілгерілету және қорғау жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 10 шілдедегі № 703 қаулысымен бекітілген

## Бірыңғай экономикалық кеңістік және Дүниежүзілік сауда ұйымы шеңберінде отандық өндірушілердің мүдделерін ілгерілету және қорғау жөніндегі іс-қимыл жоспары

| Р/с № | Іс-шараның атауы | Аяқталу нысаны | Орындауға жауаптылар | Орындау (іске асыру) мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Отандық өндірушілердің мүдделерін қорғау мақсатында олармен өзара іс-қимылды күшейту | | | | |
| 1. | Қазақстандық ұстанымды қалыптастыру кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен бизнес-қоғамдастықтың өзара іс-қимылының тиімді тетігін орнату | Экономикалық интеграция мәселелері бойынша өзара іс-қимыл туралы меморандум | ЭБЖМ, Қаржымині, ИЖТМ, ККМ, АШМ, СІМ, ДСМ, Еңбекмині, БҚА, ТМРА, «Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша) | 2013 жылғы 1 қазан |
| 2. | КО және БЭК шеңберіндегі интеграция мәселелері бойынша Қазақстанның мемлекеттік органдары мен өңірлік бизнес өкілдері | Үйлестіру кеңесі отырысының хаттамасы | ЭБЖМ, Қаржымині, ИЖТМ, ККМ, АШМ, СІМ, ДСМ, ККМ, Еңбекмині, БҚА, ТМРА, ЖАО, | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | арасында консультацияларды ұйымдастыру | | «ССДО» АҚ, «Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша) | 2013 жылғы 15 қазан |
| Қазақстандық өндірушілердің мүдделерін қорғау мақсатында кедендік-тарифтік саясатты жетілдіру | | | | |
| 3. | Бизнес-қоғамдастықпен консультациялардың қорытындысы бойынша кедендік баж салығы мөлшерлемелерінің өзгерістері бойынша ұсыныстар тізбесін қалыптастыру | Сауда саясаты жөніндегі ВАК отырысына ұсыныстар | ЭБЖМ, Қаржымині, ИЖТМ, АШМ, «ССДО» АҚ, « Атамекен» одағы» ҚҰЭП ( келісім бойынша) | қажеттілігіне қарай |
| Қазақстандық өндірушілердің мүдделерін қорғау мақсатында тауарлар импорты кезінде сауда шараларын қолдану | | | | |
| 4. | Бизнес-қоғамдастықпен консультациялардың қорытындысы бойынша тауарлар импорты кезінде сауда шараларын қолдану бойынша ұсыныстар тізбесін қалыптастыру | Сауда саясаты жөніндегі ВАК отырысына ұсыныстар | ЭБЖМ, Қаржымині, ИЖТМ, АШМ, « ССДО» АҚ, « Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша) | қажеттілігіне қарай |
| Қазақстандық өндірушілердің мүдделерін қорғау мақсатында мемлекеттік сатып алу саласын пайдалану | | | | |
| 5. | Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасының мемлекеттік сатып алу нарығына қол жеткізу шарттарын талдау | Үйлестіру кеңесінің отырысына ұсыныстар | ЭБЖМ, Қаржымині, ИЖТМ, ККМ, АШМ, ДСМ, АЗК, ЖАО , «ССДО» АҚ, «Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша) | 2013 жылғы 1 қараша |
| 6. | БЭК елдері үшін сатып алу нарығының ашылуы нәтижесінде ықтимал қауіп-қатерлерді барынша азайту бойынша ұсыныстар тізбесін қалыптастыру | Үйлестіру кеңесінің отырысына ұсыныстар | ЭБЖМ, Қаржымині, ИЖТМ, ККМ, АШМ, ДСМ, БҚА, ЖАО , «ССДО» АҚ, «Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша) | 2013 жылғы 1 қараша |
| Қазақстандық өндірушілердің мүдделерін қорғау мақсатында тең бәсекелестік жағдайлар жасау | | | | |
| 7. | Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасында өзара саудаға ықпал ететін субсидияларды қолдануға тыйым салуға бағытталған ұсыныстарды қалыптастыру | кейіннен Үйлестіру кеңесінің отырысына шығару үшін ЭБЖМ-ге ақпарат | ИЖТМ, ЖАО, « Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша) | 2013 жылғы 1 қыркүйек |
| | Саудадағы әкімшілік кедергілердің болуына байланысты проблемаларды жою бойынша ұсыныстар | | ИЖТМ, Қаржымині, ККМ, ДСМ, АШМ, | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8. | қалыптастыру:<br>әкімшілік кедергілер тізбесін қалыптастыру;<br>техникалық реттеумен байланысты проблемаларды анықтау | кейіннен Үйлестіру кеңесінің отырысына шығару үшін ЭБЖМ-ге ақпарат | БҚА, ЖАО, «Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша) | 2013 жылғы 1 шілде |
| 9. | Белоруссия-Қазақстан-Ресей бизнес-диалогы шеңберінде кеңес өткізу | бизнес-диалог кеңесінің қорытындылары бойынша ЭБЖМ-ге ақпарат | «Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша) | әр кеңестің қорытындылары бойынша |
| 10. | Трансшекаралық өңіраралық ынтымақтастықты қарқындату бойынша ұсыныстар қалыптастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ӨДМ, Қаржымині, БҚА, «Атамекен» одағы» ҚҰЭП (келісім бойынша) | 2013 жылғы 15 қыркүйек |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ӨДМ – Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі

СІМ – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

ЭБЖМ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

БҚА – Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі

ТМРА – Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

«Атамекен» одағы» ҚҰЭП - «Атамекен» одағы» Қазақстанның ұлттық экономикалық палатасы

БЭК – Бірыңғай экономикалық кеңістік

КО – Кеден одағы

«ССДО» АҚ – «Сауда саясатын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы

Сауда саясаты жөніндегі ВАК – Қазақстан Республикасының сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы

Үйлестіру кеңесі – Экономикалық интеграция мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК